


«КЕЛІСІЛДІ»  
ҚОББ бастығы  
Кожаметова Г.Ш.



2021 ж.

«БЕКТЕМІН»

«Bolashaq» Академиясының  
ректоры Меңлібаев Қ.Н.



2021 ж.

## «Жас заңгер - 2021» конкурсы туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1 «Bolashaq» Академиясы (әрі қарай Академия) және Қарағанды облыстық білім басқармасы ұйымдастыруымен Қарағанды облысы мен Қарағанды қаласы мектептері, лицейлері, гимназияларының 11-сынып оқушылары және колледж түлектері арасында «Жас заңгер-2021» конкурсын өткізеді.

1.2. Конкурстың мақсаты-заңгерлік білім мен құқықтық мәдениетті насихаттау, заңгерлік ойлау қабілеті мен әлеуетті қабілеті бар талантты, шығармашыл жастарды анықтау және қолдау.

1.3. Конкурстың міндеттері:

- 1) болашақ мамандықты таңдауға ынталандыру;
- 2) жеке шығармашылық ойлау қабілетін дамыту;
- 3) жазбаша тіл біліктілігін арттыру;
- 4) қатысушылардың көпшілік алдына шығу тәжірибесін арттыру;
- 5) оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

1.4. Конкурстың комиссиясы ғылыми дәрежесі немесе едәуір тәжірибелік өтілімі бар құқықтың үздік мамандарынан құралады.

1.5. Конкурсқа қатысуға өтінімді (1-қосымшаға сәйкес сканерленген нұсқада) және эссені (қатысушы мен ғылыми жетекшінің қолы қойылған сканерленген нұсқада) **9 ақпан 2021 ж. дейін [ahmetovaa2050@mail.ru](mailto:ahmetovaa2050@mail.ru)** эл. поштаға жіберу қажет.

1.6. «Жас заңгер-2021» конкурсы 12 ақпан 2021 жылы online форматта (ZOOM платформасы) қорытындыланады.

### 2. Конкурсты өткізудің нысаны

2.1. Конкурс екі кезеңнен тұрады.

2.2. **1 кезең «Қазіргі қоғамдағы құқықтың рөлі»** тақырыбында келіп түскен эсселерді іріктеуден тұрады. Өтетін уақыты 2021 жылдың 22 қаңтар - 9 ақпан аралығы.

Конкурстың қазылар алқасы 9 ақпанға дейін академия сайтында анықталған үздік жұмыстарды таңдайды ([kubolashak.kz](http://kubolashak.kz))

Сайыс комиссиясы жазбаша жұмыстармен танысып, келесі белгілерді негізге ала отырып, олардың арасынан ең үздіктерін таңдайды:

- дербестілік;
- баяндау стилі;

- түпнұскалылық;
- біліктілік;
- талдау қабілеттілігі;
- дәлелділік дәрежесі;
- автордың ой өрісі.

2.3. Екінші кезең - эссе қорғау нысанында 2021 жылдың 12 ақпанында ZOOM платформасының негізінде, қашықтықта өткізіледі. Эссе презентациясын қолдану құпталады. Регламент 5-7 минут.

Екінші кезеңге іріктеуден өткен 1-кезең (сырттай нысандағы кезең) қатысушылары шақырылады.

### 3. Эссеге қойылатын талаптар

3.1. Эссе қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады.

3.2. Рәсімдеуге арналған талаптар:

- басты бет (эссе тақырыбын (ортасында), қатысушының аты-жөнін, сыныбын, білім беру мекемесінің атауы мен орналасқан жерін, қатысушы мен ғылыми жетекшінің байланыс деректерін көрсете отырып рәсімделеді).

- жұмыстың негізгі бөлігі

- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- қосымшалар

- эссенің электронды нұсқасы немесе жұмыс презентациясы

3.3. Жұмыс стандартты А-4 формат қағазында, 4-5 бет, «Times New Roman» шрифті, 14 кегль, 1,0 интервал баспалық әдіспен орындалады.

Жауапты: Ахметова Асель Касеновна тел: 8-701-88-162-55


### 4. Сайыс қатысушыларының жеңімпаздары:

**1 орын** - "Bolashaq" академиясының бірінші курсына тегін оқуға "Bolashaq" академиясы ректорының гранты беріледі;

**2 орын**-1 жылдық оқудың төлем ақысына - **50 %** жеңілдікке;


**3 орын**-1 жылдық оқудың төлем ақысына - **25 %** жеңілдікке ие болады.

Заң пәндер  
кафедра меңгерушісі



**А.Т. Кабжанов**

Заңгер




**А.А. Кусаинова**

Қабылдау бөлімінің  
атқарушы хатшысы




**Б.А. Абылбаева**

Ғылыми жұмыс және халықаралық  
ынтымақтастық жөніндегі проректор



**Х.К. Уразбаев**

Стратегиялық даму жөніндегі проректор



**Г.М. Рысмагамбетова**